

қолдана бастады.

Өнеркәсіптік гидротазарту процестерін сутек ортасында және, ереже түрде, алюмокобальт немесе алюмоникельмолибденді катализаторларды қолданумен, 325-455⁰С температурада, 3-7 МПа қысымда, шикізат берудің 1*10⁻¹ сағ. көлемдік жылдамдығында және 60-94 % сутек құрайтын 160-900 м³/м³мин шикізатты сутекқұрамды газды циркуляциялаумен іске асырады. Дистиллятты шикізатты гидротазартуын булы (әр түрлі текті бензиндерді) және сұйық (керосиндер, дизельді отындар, майлар және парафиндер) фазалардан өткізеді.

Гидротазартудың негізгі мақсаты - ол қажетсіз қоспаларды (күкірт, азот, оттегі, шайыр заттар, қанықпаған көмірсутектер) аластау нәтижесінде мұнайлы фракциялардың сапасын жақсарту. Мақсатты өнімдерде күкірттің қалдық құрамы (%) шамалы: гидротазартудан кейін риформингтеуге бағытталатын бензиндерде 1,2*10⁻⁴-2*10⁻⁶; гидротазартылған реактивті отында – 0,002 - 0,005; дизельді отында - 0,02-0,2. Гидротазартқанда тауарлы өнімнен басқа газ, айдалатын фракциялар (керосинді және одан ауыр фракциялар) және күкіртсутек алынады. Метанды, этанды, сутекті құрайтын газды тек қана отын ретінде пайданады; айдалатып - төмен октан санды бензинді фракцияны - автокөлік бензинінің компоненті ретінде немесе риформинг шикізатын, күкіртсутекті күкірт және күкірт қышқылын алуға жұмсайды.

3.4.5.1. Мотор отындарын алуда гидротазартуды қолдану

Ерекше күкіртті және жоғарыкүкіртті мұнай өңдейтін елдер үшін әр түрлі отындарды алу мақсатымен мұнай шикізатын гидротазартудың мәні өте зор. Бұл елдерге бірінші кезекте Қазақстан Республикасы жатады. Мұндай мұнайлардағы күкіртті қосылыстар меркаптандардан (ашық тізбекті және циклді), сульфидтерден, сонымен қатар дисульфидтерден және басқа элементтерді де құрайтын гетероциклді қосылыстардан тұратын күрделі қоспалар болып табылады. 180⁰С-де қайнап бітетін фракцияларда меркаптандар, алифатты және алициклді сульфидтер болады, олар салыстырмалы оңай гидрленеді. Жоғары, әсіресе 350⁰С-тен жоғары температурада қайнайтын фракцияларда, орынбасқан тиофендер және бициклді сульфидтер болады.

Мұнайлы дистилляттарды гидротазартқанда С-S байланыстары толығырақ бұзылады, бірақ С-С байланысы өзгермейді, процесс